

Аэропортындағы кластардың және оларды анықтау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 4 қарашадағы № 862 бүйрүгі. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2013 жылы 3 желтоқсанда № 8932 тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бүйрүк қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 65-1-бабының 8-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

- 1) осы бүйрүкка 1-қосымшаға сәйкес аэропорттың кластары;
- 2) осы бүйрүкка 2-қосымшаға сәйкес аэропортындағы кластардың анықтау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бүйрүктың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрүк Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында ресми түрде жариялануын және МОИП орналастырылуын;

3) осы бүйрүк Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялауға көшірмесін "Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Эділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жолдауды;

4) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне мемлекеттік тіркеу және осы бүйрүктың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберілгені туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрүктың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ф. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бүйрүк ресми жариялауға жатады және 2014 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
 Көлік және коммуникация министрінің
 2013 жылғы 4 қарашадағы
 № 862 бұйрығына
 1-қосымша

Аэропорттар класы

Аэропорт класы	Міндетті қызметтер	Қосымша қызметтер
1. Кіші (100-200 жол/сағ)	<p>1) қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру бөлмесі;</p> <p>2) сату бөлмелері (сату дүнгіршектері);</p> <p>3) ана және бала бөлмесі;</p> <p>4) медициналық пункт;</p> <p>5) жүк сақтау камерасы;</p> <p>6) билеттер сату кеңселері;</p> <p>7) ақпараттық анықтама қызметі.</p>	<p>1) Business Class lounge (бизнес класс залы);</p> <p>2) Duty Free (бажызыз сауда сату дүкені);</p> <p>3) байланыс бөлімшесі;</p> <p>4) бөлімшелер/банк филиалдары;</p> <p>5) валюта айырбастау пункті;</p> <p>6) жүкті орау бойынша қызметтер;</p> <p>7) диспетчерлік такси кеңесі;</p> <p>8) баспа басылымдары киоскілері;</p> <p>9) дәріхана;</p> <p>10) дұға оқу бөлмесі (жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша);</p> <p>11) интернет/WiFi;</p> <p>12) жоғалған заттарды табу бюросы;</p> <p>13) бизнес орталығы (ғаламтор, факс, телефонмен сөйлесу қызметтері);</p> <p>14) қонақ үй;</p> <p>15) автомобильдерге арналған жабық паркинг;</p> <p>16) пошта бөлімшелері /курьерлік қызмет;</p> <p>17) туристік агенттіктер кеңесі;</p> <p>18) ұялы телефондарды жалға беру қызметі;</p> <p>19) мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған күту бөлмесі;</p> <p>20) сусындар сату автоматтары;</p> <p>21) сувенирлік өнімдер сататын дүкен;</p> <p>22) автомобильдерді жалдау кеңесі;</p> <p>23) аяқ киімдерді тазалау қызметі;</p> <p>24) жүк тасушылар қызметі;</p> <p>25) телефондарды және т.б. зарядтау розеткаларының болуы;</p> <p>26) аудармашы қызметі.</p>

	<p>1) қоғамдық тамактануды ұйымдастыру бөлмесі;</p> <p>2) сату бөлмелері (сату дүнгіршектері);</p> <p>3) ана және бала бөлмесі;</p> <p>4) медициналық пункт;</p> <p>5) байланыс бөлімшесі;</p> <p>6) бөлімшелер/банк филиалдары;</p> <p>7) валюта айырбастау пункті;</p> <p>8) жүк сақтау камерасы;</p> <p>9) жүкті орау бойынша қызметтер;</p> <p>10) Business Class lounge (бизнес класс залы);</p> <p>11) билеттер сату кеңселері;</p> <p>12) диспетчерлік такси кеңесі;</p> <p>13) баспа басылымдары киоскілері ;</p> <p>14) дәріхана;</p> <p>15) интернет /WiFi;</p> <p>16) жоғалған заттарды табу бюросы;</p> <p>17) акпараттық анықтама қызметі;</p> <p>18) бизнес орталығы (интернет, факс, телефонмен сөйлесу қызметтері).</p>	<p>1) күту аймағындағы балаларға арналған ойын бөлмесі;</p> <p>2) мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған күту бөлмесі;</p> <p>3) сусындар сату автоматтары;</p> <p>4) сувенирлік өнімдер сататын дүкен;</p> <p>5) автомобильдерді жалдау кеңесі;</p> <p>6) қонақ үй;</p> <p>7) автомобилльдер арналған жабық паркинг;</p> <p>8) пошта бөлімшелері /курьерлік қызмет;</p> <p>9) туристік агенттіктер кеңесі;</p> <p>10) ұялы телефондарды жалға беру қызметі;</p> <p>11) аяқ киімдер тазалау қызметі;</p> <p>12) жүк тасушылар қызметі;</p> <p>13) аудармашы қызметі;</p> <p>14) Duty Free (бажсыз сату дүкені) ;</p> <p>15) телефондарды және т.б. зарядтау розеткаларының болуы;</p> <p>16) дұға оку бөлмесі (жергілікті атқаруышы органдардың келісімі бойынша).</p>
3. Үлкен (1200-2000 жол/сағ)	<p>1) қоғамдық тамактануды ұйымдастыру бөлмесі;</p> <p>2) сату бөлмелері (сату дүнгіршектері);</p> <p>3) ана және бала бөлмесі;</p> <p>4) мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған күту бөлмесі;</p> <p>5) медициналық пункт;</p> <p>6) байланыс бөлімшесі;</p> <p>7) бөлімшелер/банк филиалдары;</p> <p>8) валюта айырбастау пункті;</p> <p>9) жүк сақтау камерасы;</p> <p>10) жүкті орау бойынша қызметтер;</p> <p>11) Business Class lounge (бизнес класс залы);</p> <p>12) Duty Free (бажсыз сату дүкені) ;</p> <p>13) билеттер сату кеңселері;</p> <p>14) диспетчерлік такси кеңесі;</p> <p>15) бизнес орталығы (интернет, факс, телефонмен сөйлесу қызметтері);</p> <p>16) баспа басылымдары киоскілері ;</p>	<p>1) күту аймағындағы балаларға арналған ойын бөлмесі;</p> <p>2) салон/сұлулық бөлмесі;</p> <p>3) сусындар сату автоматтары;</p> <p>4) сувенирлік өнімдер сататын дүкен;</p> <p>5) автомобильдерді жалдау кеңесі;</p> <p>6) туристік агенттіктер кеңесі;</p> <p>7) ұялы телефондарды жалға беру қызметі;</p> <p>8) аяқ киімдер тазалау қызметі;</p> <p>9) жүк тасушылар қызметі;</p> <p>10) аудармашылар қызметі;</p>

17) дәріхана; 18) интернет/WiFi; 19) қонақ үй; 20) жоғалған заттарды табу бюросы; 21) ақпараттық анықтама қызметі; 22) автомобильдерге арналған жабық паркинг; 23) пошта бөлімшелері /курьерлік қызмет; 24) телефондарды, компьютерлерді (ноутбуктерді) зарядтау розеткаларының болуы.	11) дұға оку бөлмесі (жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша).
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------

Қазақстан Республикасы
 Көлік және коммуникация министрінің
 2013 жылғы 4 қарашадағы
 № 862 бұйрығына
 2-қосымша

Аэропорт классын анықтау әдістемесі

1. Аэропорттың классын анықтау әдістемесі олардың өткізу қабілеттілігіне қарай Қазақстан Республикасы әуежайлары аэропорттың классын анықтауға арналған.

Аэропорттың классына байланысты оларға жолаушылар үшін міндетті және қосымша қызметтердің болуына әр түрлі талаптар қойылады (тамактану және сауда нұктелері, билет кассалары, сақтау камерасы, медициналық пункт, паркинг, автокөлік жалдау, намазханалар, олжалар бюросы, қонақ үй, пошта, курьерлер, жүк тасушылар, валюта айырбастау).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.04.2023 № 229 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы әдістемені қолдану мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аэропорт – әуе көлігімен тасымалданатын жолаушыларға қызмет көрсетуге, бағажды және жүкті өндеге арналған ғимарат (құрылыш);

2) аэропорт кешені – әуежай аумағында жолаушыларға, әуе кемелеріне қызмет көрсету, бағажды және жүктерді өндеге мақсатында жеке және заң тұлғалардың қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті әуежай, ғимарат, жабдық және құрылыштар;

3) аэропорт маңындағы алаң – аэропорттаға іргелес жер участкесінің аумағы;

4) перрон – жолаушыларды отырғызуға және түсіруге, тиегі-түсіру операцияларын жүргізуғе, сондай-ақ әуе кемелеріне қызмет көрсетуге арналған әуеайлақ бөлігі;

5) жолаушыларға ұшу алдында қызмет көрсету – әуеайлақтан әуе кемелерінің ұшына дейін жолаушыларға қызмет көрсету рәсімдері;

6) жолаушыларға ұшудан кейін қызмет көрсету – әуе кемесінің межелі әуежайға ұшып келгеннен кейін жолаушыларға қызмет көрсету бойынша рәсімдер;

7) жайлылық – аэровокзалдар кластары бөлінісінде жолаушылар үшін қызмет көрсетудің қолжетімділігінің және микроклиматтың берілген сипаттамаларымен аэровокзалдың ішкі ортасының қолайлылығы;

8) аэровокзал класын анықтау – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жолаушыларға ұсынылатын жайлылық деңгейі мен қызмет көлемі.

3. Өдістемені қолданудың негізгі қағидаттары:

1) қазіргі заманғы, қауіпсіз және сенімді көлік инфрақұрылымында, сондай-ақ олардың сапалы қызмет көрсетілуінде аэровокзалдар тұтынушыларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

2) көлік инфрақұрылымының бөлігі ретінде ғана емес, дамуының сапасымен және қарқынымен келісілген, қала ортасының ажырамас құрам бөлігі ретінде аэровокзалды және оған іргелес аумағымен бірге дамытуға кешенді тәсіл;

3) аэровокзалдар қызметтерін тұтынушылар мен пайдаланушылар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету;

4) өзінің инвестициялық әлеуеті, сәулет, қала құрылышы және технологиялық мүмкіндіктері бар объект ретіндегі әрбір аэровокзалдың бірегейлігі;

5) аэровокзалдарда олардың функциональдық сенімділігін және жұмыс істеу қауіпсіздігін бұзбай, сондай-ақ олардың даму әлеуетін төмендетпей тауарлар мен қызметтерді іске асырудан түскен кірістерді арттыру болып табылады.

4. Аэровокзалдар әуе көлігінің жолаушыларына, сондай-ақ қарсы алушылар мен шығарып салушыларға кешенді ұшу алдында және ұшып келгеннен кейін қызмет көрсетуге арналады.

5. Әуежай терминалдарының негізгі өндірістік-технологиялық көрсеткіші бір сағат ішінде қызмет көрсетуге болатын барлық санаттағы жолаушылар санымен сипатталатын өткізу қабілеттілігі болып табылады. Әуежайдың терминалдық кешендерінің өткізу қабілеті қолданыстағы стандарттарға сәйкес жолаушылар тасымалының жылдық көлеміне байланысты анықталуы керек.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.04.2023 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Алып тасталды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.04.2023 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Алып тасталды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.04.2023 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Аэровокзал кешендерінің өту қабілеттілігіне жолаушылар кешені - аэровокзал, перрон және вокзал жанындағы алаң оның негізгі элементтері сәйкес келуі тиіс.

10. Класына байланысты, аэровокзал кешендерін жобалау кезінде:

1) барлық технологиялық операцияларға минималды уақыт шығыны болатын кездे жолаушыларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін, экономикалық ақталған механикаландыру және автоматтандыру құралдарын енгізу және жолаушыларға прогрессивтік технологиялық қызмет көрсетуді көздеу;

2) әртүрлі санаттардағы жолаушылар мен жүктөрдің ағынын анық бөлуді, санкциялық қол жеткізу аймағын бөлуді, сондай-ақ талап етілетін өткізу және объектішілік режимді, сондай-ақ мәжбүрлі эвакуациялауды ұйымдастыру мақсатында қозғалыс жолдары және жекелеген аймақтар мен үй-жайлардың мақсаты туралы көрнекі ақпаратпен қамтамасыз ету қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК